



Редакционная коллегия журнала «Al-Farabi.kz»

Мутанов Г.М., ректор КазНУ им. аль-Фараби, главный редактор
Буркитбаев М.М., первый проректор, зам. главного редактора
Хикметов А.К., проректор по учебной работе
Малиев Х.А., проректор по административно-хозяйственной работе
Рамазанов Т.С., проректор по научно-инновационной деятельности
Джаманбалаева Ш.Е., проректор по социальному развитию
Дюсебаев Д.К., директор Департамента имиджевой политики и связи с общественностью
Башарова К.К., директор РНПЦ «Дарын»
Шимшиева Р.С., начальник Управления образования г. Алматы
Медеубек С.М., декан факультета журналистики
Байдельдинов Д.Л., декан юридического факультета
Давлетов А.Е., декан физико-технического факультета
Палторе І.М., декан факультета востоковедения
Сагиева Р.К., декан факультета Высшей школы экономики и бизнеса
Жаппасов Ж.Е., декан факультета довузовского образования
Жакеев Д.Б., декан механико-математического факультета
Абдиманов О.А., декан факультета филологии и мировых языков
Масалимова А.Р., декан факультета философии и политологии
Тасибеков Х.С., декан факультета химии и химической технологии
Сальников В.Г., декан факультета географии и природопользования
Ногайбаева М.С., декан факультета истории, археологии и этнологии
Заядан Б.К., декан факультета биологии и биотехнологии
Айдарбаев С.Ж., декан факультета международных отношений
Калматасева Ж.А., декан медицинского факультета
Асан А.Т., директор изательского дома «Казак университет»
Калиакпар Д.К., начальник службы по связям с общественностью и организациями
Тукеев У.А., декан факультета информационных технологий

Составители:
Калиакпар Д., Нурлан А.
Корректоры:
Бекбердеева Г., Шуриева А.
Компьютерная верстка:
Калиева А.

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания и (или) информационного агентства №12280-Ж г. Астана, 2.02.2012 г.

Al-Farabi.kz

Содержание – Мазмұны

| | |
|--|----|
| Новости КазНУ | |
| Құдайбергенов С.Е., Исламамбетова З.Н. | |
| Ер еліңің көрганы. | 2 |
| Қазырет Бердіхан | |
| Жастар жыны – жаңа мүмкіндіктің жыны. | 4 |
| Adilkhanova Zh., Sandykbayeva U., Ussenbekova A.E. | |
| The golden roots of our education is at our university | 6 |
| Калибек М.Р., Акбаева Д.Н. | |
| Научное студенческое общество КазНУ им. аль-Фараби. | 8 |
| Досжанов О.М. | |
| Студенттер үйіндегі жақсы бастамалар | 11 |
| Усенбекова А.Е., Тойғанбекова М.Ш. | |
| ЖОО-ға дейінгі білік беру факультеті – түлектерімен қоштасуда. | 12 |
| Kaliyeva A.Zh. | |
| Welcome, spring! | 14 |
| Aйткожаев А.З., Нұрмұханова А.З., Тұрсын Д.К. | |
| XV Халықаралық Жеңітків атындағы олимпиадасы | 16 |
| Школа умов | |
| Даниярова А.Б., Балтаева А.О., Арынова Г.А. | |
| Дүниежүзілік дәнсаулық сәктеу үйімінің 2019 жылға стратегиясы. | 19 |
| Сарипеева А.К. | |
| Физика есептерін шығаруда математикалық білімді қолданудың әдістемесін. | 23 |
| Құшев Г.Д., Арынова Г.А., Адилова М.Т. | |
| АИТВ-ның қоғамдағы слеуметтік аспектилері | 27 |
| Осанғанова А.К., Сабденбекова Б.Е. | |
| Что такое вещество и состояние вещества. | 30 |
| Болегенова С.А., Әбдірәсін С.Ж. | |
| Методические особенности обучения решению качественных задач при углубленном изучении физики | 33 |
| Toiganbekova M.S., Sandykbayeva U.D., Ussenbekova A.E. | |
| Innovative methods of teaching Kazakh language in multilingual environment | 37 |
| Болегенова С.А., Әзікен А.Е. | |
| Компетентностный подход в обучении физики при изучении молекулярно-кинетической теории. | 40 |
| Наследие | |
| Базашаров Қ. | |
| Исламда химияның мәні. | 45 |
| Нұрғашева Г.К., Джакишева У.К. | |
| КазНУ имени аль-Фараби – лидер высшего образования Казахстана. | 47 |
| Шашаева Г.К., Шашаева М.Ә. | |
| ҚазАстанда алғаш құрылған қоғамдық үйімдер тарихынан. | 49 |
| Тұманова А.Б., Абаяева Ж.С. | |
| Памяти Надежды Ивановны Гайнуллиной. | 54 |
| Тұманова А.Б., Абаяева Ж.С. | |
| Памяти профессора Ким (Ли) Галины Васильевны | 56 |
| Наралиева Р.Т., Тойғанбекова М.Ш., Доссанов Б.И. | |
| ҚазҰУ ардагер үстаздарын ардақтайды. | 58 |
| Аубакирова Ж., Айбекбетова А. | |
| О преподавании экономических дисциплин в магистратуре | 61 |
| Moldaslan K.Sh. | |
| The essence of humane education in the poem «The Precious Knowledge» | 65 |
| Есекеева А.А., Шуланбекова Г.К. | |
| Сұлтан Сартаев ұлы ғалым. | 68 |
| Моя будущая профессия | |
| Әрінова Б.А. | |
| Әлеуметтік педагог мен психолог-педагогтік педагогикалық тәжірибелсің кәсібиік бағыттары | 69 |
| Бегалиева А.Қ., Хайруллаева В.Х., Бегалиев Д.Қ. | |
| Білім – адам капиталик анықтайтын элемент. | 71 |
| Усипбекова Е.Ж., Сейланова Г.А., Иманғалиева А.Н. | |
| Студенттерге «Шыны және сиatalдар» пәннің оқытудағы негізгі ерекшеліктер | 74 |
| Странничка ЮМОРА | 76 |



Даниярова А.Б.,

медицина гылымдарының кандидаты, доцент м.а.

Балтаева А.О.,

медицина гылымдарының кандидаты, доцент м.а.

Арынова Г.А.,

медицина гылымдарының кандидаты, доцент м.а.

Эпидемиология, биостатистика және дәлелді медицина кафедрасы

ДУНИЕЖҰЗІЛІК ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫНЫҢ 2019 ЖЫЛҒА СТРАТЕГИЯСЫ

Бұғынгі таңда адамзат денсаулығының көптеген мәселелері әлі де шешілмеген. Бұларға қызылша және дифтерия сияқты вакцинация арқылы алдын алғатын аурулардың ершиуі, антибиотиктерге төзімді патогендер санының көбеюі, семіздік көрсеткішінің жоғарылауы мен физикалық белсенділіктің азаюы, қоршаған органдың ластануы және климаттың өзгеруі, көптеген табиғи апаттар салдарынан денсаулығың нүксан келетінін ескере отырып, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы осы мәселелерге терең ой салуда.

2019 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы өзінің жаңа бес жылдық стратегиялық жоспарының жұмыс бағдарламасын іске асыруға кіріседі. Бұл жоспар «үш миллиардқа» бағытталған: 1 миллиардқа жуық адамды денсаулық сақтау қызметімен қосымша қамтамасыз ету, 1 миллиард адамды денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайлардан қосымша қорғау және 1 миллиардқа жуық адамға денсаулық пен әл-ауқат деңгейін арттыруды көздел отыр. Осы мақсаттарға жету үшін халықтың денсаулығына қауіп төндіретін әртүрлі мәселелер қарастырылған. ДДҰ және оның серіктестері 2019 жылы назар аударуды талап ететін 10 мәселені анықтады.

1. Ауаның ластануы және климаттың өзгеруі.

Жер бетіндегі он адамның төғизи күн сайын ластанған ауамен дем алады. ДДҰ деректері бойынша 2019 жылы ауаның ластануы адам денсаулығына қауіп төндіретін экологиялық фактор болып табылғаны айқын. Ауа ластаушы микроскопиялық бөлшектер тыныс алу және қан айналым жүйелеріне еніп, өкпе, жүрек пен мидаң қызметтерінің бұзылуына алыш келуі мүмкін. Атмосфералық ластанудың зардабынан туындаған аурулардан (оның ішінде онкологиялық аурулар, инсульт, жүрек және өкпе аурулары) жыл сайын шамамен 7 миллион адам өледі. Бұл өлімнің 90%-ы өнеркәсіптегі ластаушы заттардың, көліктің шығыны және ауыл шаруашылығының қалдықтары, сондай-ақ түрмисшық жағдайда қолданылатын жана май пайдалану арқылы да сипатталады.

Ауа ластануының негізгі себебі (қазба отынының жағылуы) климаттың өзгеруінің негізгі факторларының бірі болып табылады, бұл өз кезегінде адам денсаулығына теріс етеді. 2030 жылдан бастап 2050 жылға дейін климаттың өзгеруі жылына 250 мың қосымша өлімге әкеп согуы мүмкін (тамақтану, безгек, ішек инфекциялары және т.б.).



ШКОЛА УМОВ

2. Жүқпалы емес аурулар.

Қант диабеті, қатерлі ісік және жүрек аурулары сияқты жүқпалы емес аурулар, әлемдегі барлық өлім-жітімнің 70%-дан астамын құрайды (41 млн. адам қайтыс болған). Бұл көрсеткіште 15 миллион адам 30 жастан 69 жасқа дейінгі ерте қайтыс болған жағдайларды қамтиды. Осы мезгілсіз өлімнің 85%-дан астамы тәмен және орташа табысы бар елдерде орын алады.

Мұндай аурулардың таралуының өсуі бес маңызды факторларға байланысты: темекі шегу, физикалық белсенделіліктің азауы, алкогольді ішімділік, дұрыс тамактанбау және ауаның ластануы. Осындай факторлар дамып келе жатқан жасөспірімдердің психикалық денсаулығының проблемаларын күштейтуі мүмкін, барлық психикалық аурулардың жартысы 14 жастан бастап байқала бастайды, бірақ көбіне диагноз қойылмайды немесе емделмейді. Сонымен қатар, 15-19 жас аралығындағы жастардың ең көп таралған өлім себебі – өзіне қол жұмсау.

ДДҮ 2030 жылға дейін тұрғындар арасында физикалық белсенделілікті жоғарылату төнірегінде күнделікті белсенделіліктің деңгейін арттыруға бағытталған «ACTIVE» атты іс-шаралар жиынтығын енгізуі ұсынып отыр.

3. Тұмай жүқпасының жаһандық пандемиясы.

Тұмай пандемиясының қашан басталатыны және ауқымы қаншалықты болатыны белгісіз, соған қарамастан әр елде жүқпаға қарсы алдын алу шаралары бекітіліп, жүргізілуі тиіс.

4. Тұрақсыздық және осалдылық.

1,6 миллиардтан астам адам (әлем халқының 22%-ы) құргақшылық, аштық, қактығыстар мен халықтың қонысы аударуы сияқты факторлардың араласуы себебінен ұзаққа созылған

дағдарыстардың салдарынан және медициналық көмек көрсетудің нашар ұйымдастырылғандығынан негізгі медициналық жәрдемге қол жеткізе алмайтын жерлерде тұрады. Тұрақсыздаймақтар әлемнің барлық дерлік өнірлерінде бар және мұндай жерлерде орнықты даму мақсаттарына, оның ішінде аналар мен балалар денсаулығына қатысты негізгі мақсаттардың жартысы орындалмай қалады.

Осы елдерде ДДҮ денсаулық сақтау жүйесін нығайту, аурулардың алдын алу және олардың алдын алу үшін дайындық деңгейін жоғарылату, сондай-ақ сапалы медициналық көмек көрсетуді, оның ішінде иммундауды қамтамасыз ету бойынша жұмысын жалғастыруды көздел отыр.

5. Микробқа қарсы дәрі-дәрмектерге төзімділік.

Антибиотиктердің, вируска қарсы және безгекке қарсы препараттардың пайда болуы заманауи медицинадағы ең үлкен жетістіктерге жатады. Дегенмен, осы дәрілердің дәуірі аяқталу аясында. Микробқа дәрі-дәрмектерге қарсы төзімділік (яғни, бактериялардың, паразиттердің, вирустар мен санырауқұлақтардың осы заттардың эсеріне қарсы тұру қабілеті) адам ағзасындағы пневмония, туберкулез, сальмонеллалар секілді инфекцияларды оңай емдей алмайтын уақытқа әкелу қаупін төндіруде.

Инфекцияларды болдырмаудың алдын алу мүмкіндігінің болмауы хирургиялық емнің және химиотерапия сияқты емдерді пайдалануды қыннадатады.

Туберкулезге қарсы препараттарға төзімділік бұл аурумен күресуде үлкен кедергі болып табылады, бұл жыл сағын шамамен 10 миллион адамға есептін тигізеді, оның 1,6 миллионы өлімге ұшырайды.



6. Эбол вирусы және басқа да аса қауіпті патогендер.

2018 жылды Конго Демократиялық Республикасында әрқайсысы миллионнан астам адам тұратын екі қалада Эбол жүқпастың бүрк етшелері орын алды. Осы аймақтардың бірі белсенді қарулы қақтығыстар аймағы болып табылады, яғни жүқпали аурудың таралуына бірден бір ықтимал жағдай ретінде.

7. Алғашқы медициналық-көмектің әлсіз болуы.

Алғашқы медициналық-санитарлық көмек мекемелері, әдетте, тұрғындар мен денсаулық сақтау жүйесі арасындағы байланыстың алғашқы нүктесі болып табылады және егер мүмкін болса, өмір бойы тұрғылықты жері бойынша жан-жақты және қол жетімді медициналық қызмет көрсетуі тиіс.

Бұл нысандар адамдардың өмір бойы салауатты өмір сұру үшін медициналық қажеттіліктердің көшілігін қанағаттандыра алады. Денсаулық сақтаудың алғашқы медициналық-санитарлық көмегі бар денсаулық сақтау жүйесі денсаулықты қамтамасыз етуге қол жеткізуің алғышарты болып табылады. 2018 жылдың қазан айында Дүниежүзілік денсаулық сақтау үйімі Астанада дүниежүзілік конференция өткізді, оның барысында барлық елдер тағы да 1978 жылғы Алма-Ата декларациясында көзделген алғашқы медициналық-санитарлық көмек жүйесін нығайтуға уәде берді. 2019 жылды ДДҰ өз әріптестерімен бірлесе отырып, елдерде алғашқы медициналық-санитарлық көмекті қалыптау келтіруге және нығайтуға және Астана декларациясында белгіленген нақты міндеттемелердің орындалуын бақылайтын болады.

8. Вакциналарға сенімсіздік.

Адамдардың вакцинациядан бас тартуы вакцинациялау арқылы алдын

алуга болатын жүқпали аурулармен куресте қол жеткізілген нәтижеге көрі әсер етуі мүмкін. Вакцинация кейбір жүқпали аурулардың алдын алудың ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады: қазіргі уақытта ол жыл сайын 2-3 миллион адамның өліміне кедегі келтіреді және егер жаһандық вакциналармен қамтамасыз етілсе, тағы 1,5 миллион өлім санын алдын алуга болады. Вакцинациядан бас тартуғың салдарынан дүниежүзі бойынша қызылша ауруынан сырқаттанушылар 30%-ға өсті.

Адамдарды вакцинациялаудан бас тарту бірнеше себептермен қатар вакциналарға деген сенімсіздікті және ақпараттың дерлік жетіспеушілігін атап өтуге болады, сондықтан денсаулық сақтау мамандары вакцинация туралы халықтың шешімдеріне әсер ететін ең беделді кеңесшілер болып табылады, вакциналар туралы сенімді ақпарат беруге көмектеседі.

9. Денге қызбасы.

Денге қызбасы Бангладеш пен Үндістан сияқты елдерде жаңбырлы маусымда жоғары сырқаттанушылықпен байқалған. Қазіргі кезде жүқпілтропикалық емес елдерде тіркелуде (мысалы, Непал). Жыл сайын бұл ауруға 390 млн адам шалдығын, яғни дүниежүзінің 40%-ы ауру қаупіне ұшырайды. ДДҰ әзірлеген Денге ауруына қарсы стратегия 2020 жылға қарай өлім санын 50% -ға төмөндегуе бағыттап отыр.

10. Адамның иммун тапшылық вирусы (АИТВ)

АИТВ-ға қарсы куресте қол жеткізген жетістіктер өте зор: науқастардың антиретровирустық препараттармен қамтамасыз етілуі (қазіргі кезде 22 миллион вирус жүктірғандар антиретровирусты терапиямен қамтамасыз етілуде) және қауіп-қатер тобы алдын алу



ШКОЛА УМОВ

препараттарымен қамтамасыз етілуде. Алайда, эпидемия азаймайды, жыл сайын АИТВ/ЖИТС-тан миллионга жуық адам көз жумады. Эпидемия

басталғалы бері 70 миллионға жуық адам вирусты жүктірып, 35 миллионға жүктірган. Бүгінде әлемде шамамен 37 миллион адам АИТВ-мен өмір сүреді.

Әдебиеттер:

1. Кодекс Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения», утвержден указом Президента Республики Казахстан от 18 сентября 2009 года № 193-IV МЗРК.
2. Государственная программа развития здравоохранения Республики Казахстан «Денсаулық» на 2016-2019 годы», утверждена указом Президента Республики Казахстан от 29 ноября 2010 года № 1113.
3. Указ Президента Республики Казахстан от 1 февраля 2010 года №922 «О стратегическом плане развития Республики Казахстан на 2020 г.» Астана, 2010 г.